




«QazaqGaz» ҰК» АҚ

Объектінің сипаттамасы

Ұйымдастыру нысаны және операцияның басталу күні	«QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы Операцияның басталуы: 5 ақпан 2000 ж.
БСН	000340002165
Заңды мекенжайы/Нақты мекенжайы	Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-ғимарат
Индустрия	Табиғи газды өткізу және тасымалдау
Активтің меншік иесі/(лері) және олардың үлестері	«Самұрық-Қазына» АҚ (100%)
Қызметтің сипаттамасы	<ul style="list-style-type: none"> Құбыржол және темір жол көлігімен газ тасымалдауды қоса алғанда, газ тасымалдау жөніндегі қызметтер Сыртқы және ішкі нарықта газды сатып алу-сату Сақтау жөніндегі объектілерді қоса алғанда, ҚР аумағында және одан тыс жерлерде құбыр жүргізу жүйесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды, жүргізуді және пайдалануды ұйымдастыру
Операциялық сипаттамалары	<p>Газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау 2021 ж.:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ішкі тасымалдау – 21 146 млн м³ - халықаралық транзит – 60 067 млн м³ - экспорт – 14 209 млн м³ <p>2021 жылға газ сатып алу-сату:</p> <ul style="list-style-type: none"> - газды экспортқа өткізу – 6 044 млн м³ - газды ішкі нарыққа өткізу – 16 455 млн м³
Персонал саны	14 449 адам (ӨҚ– 12 922, ӘБҚ– 1 527)

Қаржылық көрсеткіштер

Түсім (млн теңге), EBITDA / Net Income margin




Дереккөз: Компанияның деректері

Негізгі баланстық көрсеткіштер және тиімділік көрсеткіштері (млн теңге)

	31.12.2021	31.03.2022
Активтер	2 734 202	2 937 596
Міндеттемелер	946 556	1 044 660
Ақшалай қаражат	382 704	443 515
Жиынтық қарыз	506 586	519 389

Газды экспортқа өткізу көлемі (млн м3)



Инвестициялық тартымдылық және мәміле параметрлері

- Компания тігінен интеграцияланған, тауарлық газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері арқылы тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, құбырлар мен газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады
- Компания Орталық Азия өңіріндегі ірі газ тасымалдау желісіне, ішкі газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне ие. «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы жалпы ұзындығы шамамен 76 мың км газ құбырларын, оның ішінде жылдық өткізу қабілеті 267,8 млрд м3 дейінгі 20 мың км магистральдық газ құбырларын және ұзындығы шамамен 56 мың км газ тарату желілерін пайдаланады
- Қазіргі уақытта компания ESG-дің үздік тәжірибелерін ескере отырып, ұзақ мерзімді стратегия әзірлеуде, сондай-ақ газға баға белгілеуді жетілдіру, тауарлық газдың ресурстық базасын ұлғайту, газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғырту және кеңейту жұмысын жүргізуде

Мемлекеттің бақылауын сақтай отырып, компанияның IPO-ға шығуы қарастырылуда